

**6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сулейменов Шыңғыс Кайратовичтың «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық – санитариялық сараптау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясына сай келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс «Семей сынақ полигоны аймағында және оған іргелес аумақтарда өсірілетін ауылшаруашылығы мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі мен ветеринариялық-санитариялық бағалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу» республикалық бағдарлама (мемлекеттік тіркеу номері № 0112РК00840) және 25.03.2022 ж. университеттің ғылыми кеңесінде (№16-у хаттама) бастамалық жоба ретінде бекітіліп орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымдарының дамуына, соның ішінде ветеринарлық паразитология, ветеринарлық радиобиология және ветеринарлық-санитарлық сараптау салаларына елеулі үлес қосады. Себебі, докторант аталған ғылыми жұмысты орындау барысында бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағындағы жылқы параскаридозының таралу деңгейін анықтап, экологиялық аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып радиопротекторлық және антгельметикалық қасиеті бар азық композициясын даярлаған. Осы аймақтағы жылқы сойыс өнімдерін бағалап, толық ветеринарлық-



			санитарлық талдау жасап, биологиялық құндылығы бағаланған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі: жоғары. «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері» тақырыбын толықтай меңгерген. Ғылыми жұмыс нәтижесінде ЖОО студенттері, магистранттары және PhD арналған нұсқаулық шығарылған. 2017-2020 жылдар аралығында жүргізілген ғылыми жұмыстары бойынша топырақ, өсімдік, жылқы нәжісі және жылқы сойыс өнімдерінен сынамалар алғандығы және оларды тексеріп, зерттеу нәтижелері оқу үдерістерінде және практикада қолданылуы жөнінде актілер дайындалған. Зерттелген ғылыми жұмыстар туралы актілер мен зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштері диссертацияда толығымен көрсетілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Жылқы параскаридозы тоғышарлардың жетілмеген және ересек сатылары қоздыратын, жылқыларда созылмалы түрде өтетін гельминтоз. Ал, жылқы параскаридозының бұрынғы ССЯП аумағында таралуы, жылқы қондылығын төмендетіп, жылқыдан сапалы және қауіпсіз өнім алуға кедергі болуда. Сондықтан, аталған аймақтағы параскаридоз инвазиясының таралуын анықтау, оларға қарсы күрес жолдарын қарастыру және жылқы сойыс өнімдерінің сапасын ветеринарлық-санитарлық сараптау арқылы анықтау ветеринария ғылымының өзекті мәселелерінің бірі және диссертациялық жұмыста негізделген. Бұрынғы ССЯП аймағында жылқы параскаридозының таралуы анықталған. Параскаридозды инвазияның жылқы жасына байланысты таралуы нақтыланып, К.И.Скрябиннің толық емес гельминтологиялық зерттеулерін жүргізу нәтижесінде инвазияның экстенсивтілігі тексерілген. Аталған инвазиямен зақымдалған жылқылардың сойыс өнімдерін ветеринарлық-санитарлық бағалай отырып, еттің құрамындағы дәрумендер, макроэлементтер, майқышқылдары және аминқышқылдары мөлшері зерттелген. Яғни, сойыс өнімдерін биологиялық бағаланған. Аталған аймаққа арналған радиопротекторлық және антигельметикалық қасиеті бар азық қоспасын дайындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, әдебиеттерге шолу, зерттеу



		<p>тақырыбын айқындайды  <b>1) айқындайды;</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>әдістері, өзіндік зерттеулер, қолданылған антигельметикалық препараттардың экономикалық тиімділігі, алынған нәтижелерді талдау, қорытындылары және тәжірибелік ұсыныстары диссертациялық жұмыстың тақырыбын және мазмұнын толық айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты - бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны аумағындағы жылқы параскаридозының таралуын анықтау, сойыс өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық және биологиялық сипаттамасын бағалау және алдын алу мен емдеу шараларын жетілдіру. Осы мақсат негізінде алынған <b>міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жылқы шаруашылықтарының радиациялық фонын анықтау.</li> <li>2. ШҚО жағдайында жылқы параскаридозының жануар жасы мен жыл маусымына қарай тіркелу динамикасын анықтау.</li> <li>3. Параскаридозға шалдыққан жылқы етінің ветеринарлық-санитарлық сараптамасын жүргізу.</li> <li>4. Параскаридозды инвазиямен зақымдалған жылқылардың сойыс өнімдерінің биологиялық және тағамдық құндылығын бағалау.</li> <li>5. Жылқыларға арналған радиопротекторлық және антигельминттік қасиеті бар азық композициясын әзірлеу.</li> </ol>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында сыни талдауды қолданған. Бұрынғы ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозын дауалу және алдын алау шаралары жан-жақты дәйектелген. Сойыс өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық көрсеткіштері толық бағаланған. Себебі, бұрынғы ССЯП аумағындағы радиоактивті заттар ауа, топырақ, су, жануарлар өнімдері тізбектерімен адам ағзасына түсуде. Аталған аймақтың ауылшаруашылық жануарларын және олардың инвазиялық ауруларының таралуын анықтау жоғары шешімді талап етеді.</p>



			<p>Докторант ұсынған жаңа шешім диссертациялық жұмысында дәлелденген.</p> <p>Алынған ғылыми деректер ғылымда белгілі шешімдермен және басқа да ғалымдардың нәтижелерімен салыстырмалы түрде критикалық талдау тұрғысында сыни талданған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозының таралуы толығымен алғаш зерттелінген. Аталған аймақта қолданысқа ұсынылып отырған антигельметикалық және радиопротекторлық қасиеті бар азық композициясы толығымен жаңадан ұсынылған өнім болып табылады. Яғни, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Докторант міндеттер бойынша нақты нәтиже негізінде қорытынды жасаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында 1600 бас жылқылардың фекалиялары зерттелініп, 40 бас жылқы сойыс өнімдеріне ветеринариялық санитариялық сараптама жүргізіп, биологиялық құндылығы бағаланса, 45 бас жылқыға гематологиялық зерттеулер жасап, антигельметиктердік тиімділігін анықтаған. Барлық ғылыми зерттеу жұмыстары мемлекеттік стандарт талаптарына сүйене отырып жүргізілген. Жылқы параскаридозын емдеу және дауалауда қолданылған антигельметиктердің экономикалық тиімділігі жалпылама қолданылатын тәсілдер бойынша анықталған. Аталған техникалық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және</p>	<p>Жұмыс жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілген. Қорытынды ғылыми негіздемелермен дәлелденген. Алынған деректер негізінде ұсыныстар әзірленген. Сондықтан, жұмыстың ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы күман</p>



		гуманитарлық бағыттары бойынша)	тудырмайды.
Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Бұрынғы ССЯП аумағында жылқы параскаридозының тарауы аймақтың экологиялық ерекшеліктеріне байланысты 44-60% аралығында болды. Аталған аймақтағы жылқыларды емдеу және аурудың алдын-алу бойынша қолданылған «Бровермектин гель» пастасының тиімділігі 100% көрсетті. Осы аймақтағы жылқылардың сойыс өнімдерінің биологиялық құндылығы халықаралық азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының стандартынан (FAO/WHO) төмен екені көрінді.</p> <p>7.2 Бұрынғы ССЯП экологиялық қауіпті аймақ ретінде белгілі. Аталған аймақтағы жылқы шаруашылығы ондағы инвазиялық аурулардың таралу деңгейі сойыс өнімдерінің биологиялық және тағамдық құндылығын зерттеу өзекті мәселеге болып қалуда. Докторанттың зерттеу жұмыстарындағы осы өзекті мәселені шешу жолында ССЯП қарасты жылқы шаруашылықтарында кездесетін параскаридозды инвазияға қарсы қолданылатын антигельметикалық және радиопротекторлық қасиеті бар азық композициясы <b>жаңа</b> қоспа болып табылады. Бұл жаңа қоспа екендігі ғылыми мақалаларда дәлелденіп жазылған.</p> <p>7.3 Жұмыстың ғылыми жаңалығы - бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны аумағындағы жылқы шаруашылықтарында Республикалық ветеринариялық зертхана (РВЗ) статистикалық деректерін және жаппай копрологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдаудың негізінде параскаридоз инвазиясының маусымдық динамикасы мен жылқылардың жас ерекшеліктеріне байланысты эпизоотологиялық ахуалы нақтыланған және сойыс өнімдерінің сапасы ветеринарлық-санитарлық, биологиялық бағаланған. Докторант диссертациялық жұмысында алға қойылған мақсатын шешу жолдарында территориялық аймаққа арналған радиопротекторлық қасиеті бар параскаридозды инвазияның алдын-алу және дауалау бойынша тиімділігі жоғары азық композициясын даярлап, ҚР пайдалы модельіне патент алған (№4843 30.12.2019 ж.)</p>	



			<p>7.4 Зерттеу жұмыстарының қолдану деңгейі кең. Себебі, аймақ ерекшеліктері мен инвазияның таралу деңгейін ескеріп жоғары сапалы жылқы өнімін алуға мүмкіндік бар.</p> <p>7.5 Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша зертханалық зерттеулер нәтижесінде толық дәйекті нәтижелер алған. Алынған нәтижелер бойынша 9 ғылыми мақала жарияланған. Соның ішінде ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 3 мақала, Web of Science және Scopus базасына кіретін, импакт-факторы нөлден жоғары процентиі 37 болатын 1 (бір) мақала және 5 алыс-жақын халықаралық конференцияларда жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысы әдістеме негізінде жүргізілген. ССЯП аймағындағы жылқы параскаридозының таралу деңгейі копрологиялық зерттеулермен анықталып, К.И.Скрябиннің толық емес гельминтологиялық зерттеулерімен дәйектелген. Сонымен бірге өнімдерін ветеринарлық-санитарлық сараптау және биологиялық құндылығын анықтау жұмыстары мемлекеттік стандарт талаптарына сай жасалған. Параскаридозды инвазияны дауалау және алдын алу үшін ҚР АШМ Ветеринарлық қадағалау және бақылау комитетінің «Ветеринариялық дәрілердің мемлекеттік тіркеуі және азық қосымшалары» реестрінде 2018 жылдың 26 қарашасында енгізілген ЖШҚ «Бровафарма» компаниясының «Бровермектин гель» заманауи антигельметигі қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары диссертацияда қойылған міндеттерге сай берілген және зерттеу топтарындағы эксперименттерді жүргізу барысында толық көлемде расталып,</p>



		зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <b>сілтемелермен расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеулердің әрбір нәтижесі бойынша негіздемелер мен қорытындылар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторанттың алынған нәтижелері, басқа ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы талдау және талқылау жасалған. Диссертацияда еліміздің және алыс-жақын шет ел ғалымдарының әдеби деректері пайдаланылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 133 әдебиеттерге сілтеме жасаған. Соның ішінде соңғы 10 жылдағы әдебиеттердің пайыздық көрсеткіші 87%.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы жоғары, оның дәлелі ретінде нәтижелерін өндіріске енгізілуін көрсетуге болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар. Сондықтан, оны ветеринарлық паразитология, ветеринарлық радиобиология, ветеринарлық-санитарлық сараптау бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Себебі, алынған нәтижелер экологиялық аймақтағы жылқы шаруашылықтарындағы инвазиялық аурулардың алдын-алу, дауалауда қолданып, жоғары сапалы, қауіпсіз жылқы өнімдерін алуға мүмкіндік береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа;	Академиялық жазу сапасы: жоғары. Диссертация МЕСТ 7.1-2003 стандарт талаптарына сай орындалған.

	3) орташадан төмен; 4) төмен.	
--	----------------------------------	--

**Шешім:** Сулейменов Шынгыс Кайратовичке 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындауын ұсынамын.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ,  
«Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена» кафедрасының профессоры

Бас ғалым хатшы



*Жумағалиев*

А.А.Жумағалиев

**ТАЙМЫН**

У.Керимова

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы»  
*Ассейт* «17» 01 2023 ж.